

"Өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 21 ақпандағы № 24 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2025 жылғы 20 қазандағы № 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 21 қазанда № 37183 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 21 ақпандағы № 24 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20076 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрыққа 11 және 12-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне басшылыққа алу және жұмыста пайдалану үшін жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық
статистика бюросының басшысы

М. Турлубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2025 жылғы 20 қазандағы № 27
Бұйрығына 1- қосымша

Мемлек
еттік
статист
ика орг
андары
құпиял
ылығын
а
кепілді
к береді
Конфид
енциаль
ность
гаранти
руется
органам
и
государ
ственно
й

Қазақст
а н
Республ
икасы
Ұлттық
эконом
ика
минист
рлігінің
Статист
ика
комитет
і

статист төрағас
иқи ының
Жалпы 2020
мемлек жылғы
еттік ст 2 1
атистик ақпан
алық ба № 24
йқауды бұйрығ
ң ына 11-
статист қосым
икалық ша
нысаны Прилож
Статист ение 11
ическая к
форма приказу
общего Предсе
сударст дателя
венного Комите
статист та
ическог п о
о статист
наблюд и ке
ения Минист
Аумақ ерства
ы қ национ
статист альной
ика бөл эконом
імшесін иқи
е ұсын Респуб
ылады лики
Предст Казахст
авляетс ан
я от 21
террито февралья
риально 2020
му года №
п о 24
разделе
нию
статист
иқи

Сумен
жабдық
тау
және (немесе)
су бұру
жүйелер
і н
пайдала
нуды
жүзеге
асыраты

независимо от
места
регистрации
респондента)–
область, город,
район,
населенный
пункт

--

1.1. Әкімшілік-
аумақтық объект
ілер жіктеушіне
(ӘАОЖ)1 сәйкес
аумақ коды (
респондент стат
истикалық ныса
нды қағаз жеткіз
гіште тапсырған
кезде аумақтық
статистика бөлім
шесінің тиісті қ
ызметкері толты
рады)

Код территории
согласно
Классификатору
административн
о-территориальн
ых объектов (
КАТО)1 (
заполняется
соответствующи
м работником
территориальног
о подразделения
статистики при
сдаче
респондентом
статистической
формы на
бумажном
носителе)

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

2. Сумен жабдықтау жүйесі имараттарының, авариялардың, суды есепке алу құралдарының санын бірлікпен көрсетіңіз

Укажите количество сооружений системы водоснабжения, аварий, приборов учета воды, в единицах

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Жыл соңына На конец года
А	Б	1
1	Имараттардың саны Число сооружений	

	одан: из них:	
1.1	су тарту имараттары водозаборных сооружений	
1.2	суды тазарту имараттары водоочистных сооружений	
2	1 жолдан жалдаудағы немесе концессиядағы имараттардың саны Из строки 1 число сооружений, находящиеся в аренде или в концессии	
3	Жеке желілердің саны Число отдельных сетей	
3.1	одан жалдаудағы немесе концессиядағы из них находящиеся в аренде или в концессии	
4	Көшедегі су тарататын құрылғылардың (будкалардың, колонкалардың, шүмектердің) саны Число уличных водоразборов (будок, колонок, кранов)	
5	Авариялар саны Число аварий	
5.1	одан желілерде из них на сетях	
6	Орнатылған үйге ортақ суды есепке алу құралдарының қолда бары Наличие установленных общедомовых приборов учета воды	
6.1	олардан деректерді қашықтықтан беру құралдарымен жабдықталғаны из них, оснащенных средствами дистанционной передачи данных	
7	Орнатылған жеке суды есепке алу құралдарының қолда бары Наличие установленных индивидуальных приборов учета воды	
7.1	олардан деректерді қашықтықтан беру құралдарымен жабдықталғаны из них, оснащенных средствами дистанционной передачи данных	

Ескертпе:

Примечание:

1 ӘАОЖ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналасқан

1 КАТО размещен на интернет-ресурсе Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан в разделе "Классификаторы"

3. Су бұру жүйесі имараттарының, авариялардың санын бірлікпен көрсетіңіз

Укажите количество сооружений системы водоотведения, аварий, в единицах

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Жыл соңына На конец года
А	Б	1
1	Имараттардың саны Число сооружений	
1.1	олардан жалдаудағы немесе концессиядағы из них находящиеся в аренде или в концессии	
2	Жеке желілердің саны Число отдельных сетей	
2.1	олардан жалдаудағы немесе концессиядағы из них находящиеся в аренде или в концессии	
3	Авариялар саны Число аварий	
3.1	одан желілерде из них на сетях	

4. Су құбырлары желілерінің ұзындығын (жеке ұзындығы) және тозу дәрежесін көрсетіңіз

Укажите протяженность и степень износа водопроводных сетей (единочное протяжение)

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Жыл соңына На конец года
А	Б	1
1	Ұзындығы, километрмен Протяженность, в километрах	
	соның ішінде: в том числе:	х
1.1	сутартқыштар водоводы	
1.1.1	одан ауыстыруды қажет ететіндері из них нуждающиеся в замене	
1.2	көшедегі желілер уличные сети	

1.2.1	одан ауыстыруды қажет ететіндері из них нуждающиеся в замене	
1.3	ішкі орам және ішкі аула желілері внутриквартальные и внутридворовые сети	
1.3.1	одан ауыстыруды қажет ететіндері из них нуждающиеся в замене	
2	Ауыстырылған су құбыры желілер інің ұзындығы–барлығы, километ рмен Протяженность замененных водопроводных сетей– всего, в километрах	
	Соның ішінде: в том числе:	x
2.1	сутартқыштар водоводы	
2.2	көшедегі желілер уличные сети	
2.3	ішкі орам мен аула ішіндегі желіл ер внутриквартальные и внутридворовые сети	
3	Жөнделген желілердің ұзындығы, километрмен Протяженность отремонтированных сетей, в километрах	
	соның ішінде: в том числе:	x
3.1	күрделі жөндеу капитальный ремонт	
	одан: из них:	x
Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Жыл соңына На конец года
A	B	1
3.1.1	республикалық бюджет қаражаты есебінен за счет средств республиканского бюджета	
3.1.2	жергілікті бюджет қаражаты есебі нен за счет средств местного бюджета	
3.1.3	жеке қаражаты есебінен за счет собственных средств	
3.1.4	қарыз қаражаты есебінен за счет заемных средств	

3.2	ағымды жөндеу текущий ремонт	
	одан: из них:	x
3.2.1	жергілікті бюджет қаражаты есебінен за счет средств местного бюджета	
3.2.2	жеке қаражаты есебінен за счет собственных средств	
3.2.3	қарыз қаражаты есебінен за счет заемных средств	
4	Тозған су құбыры желілерінің ұзындығы – барлығы, километрмен Протяженность изношенных водопроводных сетей – всего, в километрах	

4.1. Елді мекендер бойынша су құбырлары желілерінің ұзындығын (жеке ұзындығы) көрсетіңіз, километрмен

Укажите протяженность водопроводных сетей (единочное протяжение) по населенным пунктам, в километрах

Елді мекендердің атауы Наименование населенных пунктов	ӘАОЖ1 бойынша коды Код по КАТО1	Ұзындығы Протяженность	Тозған су құбыры желілерінің ұзындығы Протяженность изношенных водопроводных сетей
А	1	2	3

5. Су бұру жүйесі желілерінің ұзындығын (жеке ұзындығы) және тозу дәрежесін көрсетіңіз

Укажите протяженность и степень износа сетей системы водоотведения (единочное протяжение)

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Жыл соңына На конец года
А	Б	1
1	Ұзындығы, километрмен Протяженность, в километрах	
	соның ішінде: в том числе:	x
1.1	бас коллекторлар главные коллекторы	
1.1.1	одан ауыстыруды қажет ететіндері из них нуждающиеся в замене	
1.2	көшедегі желілер уличные сети	

1.2.1	одан ауыстыруды қажет ететіндері из них нуждающиеся в замене	
1.3	ішкі орам және ішкі аула желілер внутриквартальные и внутридворовые сети	
1.3.1	одан ауыстыруды қажет ететіндері из них нуждающиеся в замене	
2	Ауыстырылған су бұру жүйесі желілерінің ұзындығы – барлығы, километрмен Протяженность замененных сетей системы водоотведения – всего, в километрах	
	соның ішінде: в том числе:	x
2.1	бас коллекторлар главные коллекторы	
2.2	көшедегі желілер уличные сети	
2.3	ішкі орам және ішкі аула желілер внутриквартальные и внутридворовые сети	
3	Жөнделген желілердің ұзындығы, километрмен Протяженность отремонтированных сетей, в километрах	
	одан: из них:	x
3.1	республикалық бюджет қаражаты есебінен за счет средств республиканского бюджета	
3.2	жергілікті бюджет қаражаты есебінен за счет средств местного бюджета	
3.3	жеке қаражаты есебінен за счет собственных средств	
3.4	қарыз қаражаты есебінен за счет заемных средств	
4	Тозған су бұру жүйелері ұзындығы – барлығы, километрмен Протяженность изношенных сетей системы водоотведения – всего, в километрах	

5.1. Елдімекендер бойынша су бұру жүйесі желілерінің ұзындығын (жеке ұзындығы) көрсетіңіз, километрмен

Укажите протяженность сетей системы водоотведения (единочное протяжение) по населенным пунктам, в километрах

Елді мекендердің атауы Наименование населенных пунктов	ӘАОЖІ бойынша коды Код по КАТО1	Ұзындығы Протяженность	Тозған су бұру жүйелері ұзындығы Протяженность изношенных сетей системы водоотведения
A	1	2	3

6. Сумен жабдықтау жүйесі имараттарының өнімділігі, қуаттылығы мен санын көрсетіңіз

Укажите производительность, мощность и число сооружений системы водоснабжения

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Өлшем бірлігі Единица измерения	Жыл соңына На конец года
A	Б	В	1
1	Сумен жабдықтау жүйесінің сорғы станцияларының өнімділігі, одан: Производительность сооружений системы водоснабжения, из них:	X	X
1.1	Сорғы станциялары Насосные станции	X	X
1.1.1	I көтерімдегі I подъема	тәулігіне мың текше метр тысяч кубических метров в сутки	
1.1.2	II көтерімдегі II подъема	тәулігіне мың текше метр тысяч кубических метров в сутки	
1.1.3	III көтерімдегі III подъема	тәулігіне мың текше метр тысяч кубических метров в сутки	
1.2	Тазарту имараттары Очистные сооружения	тәулігіне мың текше метр тысяч кубических метров в сутки	
2	Су құбырларының белгіленген өндірістік қуаты Производственная мощность водопроводов	тәулігіне мың текше метр тысяч кубических метров в сутки	

3	Сорғы станцияларының саны: Число насосных станций:	бірлік единиц	
3.1	I көтерімдегі I подъема	бірлік единиц	
3.2	II көтерімдегі II подъема	бірлік единиц	
3.3	III көтерімдегі III подъема	бірлік единиц	

7. Су құбырлары имараттары жұмысының негізгі көрсеткіштерін мың текше метрмен көрсетіңіз

Укажите основные показатели работы водопроводных сооружений, в тысячах кубических метров

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Есепті жылға За отчетный год
A	Б	1
1	I көтерімдегі сорғы станцияларым ен көтерілген су Поднято воды насосными станциями I подъема	
1.1	олардан жерасты из нее подземной	
2	Желіге берілген су – барлығы Подано воды в сеть – всего	
	соның ішінде: в том числе:	x
2.1	өз сорғыларымен своими насосами	
2.2	өзі ағатын самотеком	
2.3	басқа другое	
3	Тазарту имараттары арқылы өткізілген су Пропущено воды через очистные сооружения	
4	Тұтынушыларға жіберілген су – барлығы Отпущено воды потребителям – всего	
	оның ішінде: в том числе:	x
4.1	халыққа населению	
	кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне	

4.2	на коммунальные нужды предприятий	
4.3	кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктеріне на производственные нужды предприятий	
4.4	өзге де тұтынушыларға прочим потребителям	
5	Жеке өндірістік қажеттіліктерге жұмсалғаны Израсходовано на собственные производственные нужды	
6	Судың жылыстауы және есепке алынбаған шығыстары Утечка и неучтенный расход воды	

7.1. Елді мекендер бойынша су жіберу мен оның сыраптарын мың текше метрмен көрсетіңіз

Укажите отпуск и потери воды по населенным пунктам, в тысячах кубических метров

Елді мекендердің атауы Наименование населенных пунктов	ӨАОЖ1 бойынша коды Код по КАТО1	Жіберілген су Отпущено воды	Судың жылыстауы және есепке алынбаған шығыстары Утечка и неучтенный расход воды
A	1	2	3

8. Экономикалық қызмет түрлері бойынша суды босату туралы мәліметтерді мың текше метрмен көрсетіңіз

Укажите сведения об отпуске воды по видам экономической деятельности, в тысячах кубических метров

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	ЭҚЖЖ бойынша коды Код по ОКЭД	Есепті жылға За отчетный год	A	B	B	1
1	Тұтынушыларға жіберілген су – барлығы Отпущено воды потребителям – всего						
	одан: из них:	x	x				
	Ауыл, орман және балық						

1.1	қ шаруашылығы Сельское, лесное и рыбное хозяйство	A	
1.2	Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу Горнодобывающая промышленность и разработка карьеров	B	
1.3	Өңдеу өнеркәсібі Обрабатывающая промышленность	C	
1.4	Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау Снабжение электроэнергией, газом, паром, горячей водой и кондиционированным воздухом	D	
1.5	Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет Водоснабжение; водоотведение; сбор, обработка и	E	

	удаление отходов, деятельност ь по ликвидации загрязнений		
1.6	Құрылыс Строительс тво	F	
1.7	Көтерме жә не бөлшек с аудада сату; автомобиль дерді және мотоциклде рді жөндеу Оптовая и розничная торговля; ремонт автомобиле й и мотоциклов	G	
1.8	Көлік және жинақтау Транспорт и складирова ние	H	
1.9	Тұру және т амақтану бо йынша қыз мет көрсету Предоставл ение услуг по проживани ю и питанию	I	
1.10	Ақпарат жә не байланыс Информаци я и связь	J	
1.11	Қаржы және сақтандыру қызметі Финансовая и страховая деятельност ь	K	
	Жылжымай тын мүлікпен		

1.12	жасалатын операциялар Операции с недвижимым имуществом	L	
1.13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет Профессиональная, научная и техническая деятельность	M	
1.14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет Деятельность в области административного и вспомогательного обслуживания	N	
1.15	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету Государственное управление и оборона; обязательное социальное обеспечение	O	
1.16	Білім беру Образование	P	
	Денсаулық сақтау және		

1.17	халыққа эле уметтік қызмет көрсету Здравоохранение и социальное обслуживание населения	Q	
1.18	Өнер, ойын-сауық және демалыс Искусство, развлечения и отдых	R	
1.19	Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну Предоставление прочих видов деятельности	S	

9. Су бұру жүйесінің имараттарының саны мен қуаттылығын көрсетіңіз

Укажите число и мощность сооружений системы водоотведения

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Өлшем бірлігі Единица измерения	Жыл соңына На конец года
A	B	B	1
1	Су бұру жүйесінің сорғы станцияларының саны Число насосных станций системы водоотведения	бірлік единиц	
2	Су бұру жүйесінің сорғы станцияларының жобалық өнімділігі Проектная производительность насосных станций системы водоотведения	тәулігіне мың текше метр тысяч кубических метров в сутки	
3	Су бұру жүйесінің тазарту имараттарының саны Число очистных сооружений системы водоотведения	бірлік единиц	
Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Өлшем бірлігі Единица измерения	Жыл соңына На конец года

А	Б	В	1
3.1	<p>механикалық тазарту имараттары (толық биологиялық тазарту болмаған жағдайда) сооружения механической очистки (заполняется при отсутствии полной биологической очистки)</p>	<p>бірлік единиц</p>	
3.2	<p>биологиялық тазарту имараттары (толық цикл имараттары) сооружения биологической очистки (сооружения полного цикла)</p>	<p>бірлік единиц</p>	
4	<p>Су бұру жүйесінің тазарту имараттарының өнімділігі Производительность очистных сооружений системы водоотведения</p>	<p>тәулігіне мың текше метр тысяч кубических метров в сутки</p>	
	<p>одан: из них:</p>	<p>x</p>	<p>x</p>
4.1	<p>механикалық тазарту имараттары (толық биологиялық тазарту болмаған жағдайда) сооружения механической очистки (заполняется при отсутствии полной биологической очистки)</p>	<p>тәулігіне мың текше метр тысяч кубических метров в сутки</p>	
4.2	<p>биологиялық тазарту имараттары (толық циклдық имараттары) сооружения биологической очистки (сооружения полного цикла)</p>	<p>тәулігіне мың текше метр тысяч кубических метров в сутки</p>	
5	<p>Биологиялық тазарту имараттарының ОБК52 бойынша тазартудың есептік тиімділігі Расчетная эффективность очистки по БПК52 сооружений биологической очистки</p>	<p>тәулігіне миллиграмм O₂/дм³ миллиграмм O₂/дм³ в сутки</p>	
	<p>Ағызу станцияларының (пункттердің) саны</p>		

6	Число сливных станций (пунктов)	бірлік единиц
---	---------------------------------	------------------

10. Су бұру жүйесінің имараттар жұмысының негізгі көрсеткіштерін мың текше метрмен көрсетіңіз

Укажите основные показатели работы сооружений системы водоотведения, в тысячах кубическихметров

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Есепті жылғы За отчетный год
А	Б	1
1	Жіберілген сарқынды су-барлығы Пропущено сточных вод–всего	
1.1	одан басқа кәріздерден немесе жек елеген кәріздер желісінен қабылда нған сарқынды судың көлемі из них объем сточных вод, принятых от других канализаций или отдельных канализационных сетей	
2	Ағызу станцияларында (пункттері нде) қабылданған сарқынды сулар көлемі Объем сточных вод принятых на сливных станциях (пунктах)	
3	Тазарту имараттары арқылы өткізі лген сарқынды су-барлығы Пропущено сточных вод через очистные сооружения - всего	
	одан: из них:	
3.1	биологиялық тазарту имараттары арқылы, оның ішінде через сооружения биологической очистки, из них	

Ескертпе:

Примечание:

2Мұнда және бұдан әрі тәулігіне текше дециметрге миллиграмм оттегі

2 Здесь и далее: миллиграмм кислорода на дециметр кубический в сутки

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Есепті жылғы За отчетный год
А	Б	1
3.1.1	алдын ала тазартумен (себу сүзгіл ері, микроситалар, биопрудтар, жи нақтағыш-буландырғыштар, жина қтағыш және басқалар) с доочисткой (засыпные фильтры, микросита, биопруды,	

	накопители-испарители, накопители и другие)	
4	Тазартылған ағынды сулар табиғи су объектілеріне (өзен, көл, теңіз) ағызылды, барлығы Сброшено очищенных сточных вод в естественные водные объекты (река, озеро, море) всего	
	одан: из них:	
4.1	нормативке сай тазартылған нормативно очищенных	
4.2	жеткіліксіз тазартылған недостаточно очищенных	
5	Биологиялық тазарту имараттарының ОБК5 бойынша тазартудың нақты тиімділігі, процентпен Фактическая эффективность очистки по БПК5 сооружений биологической очистки, в процентах	
6	Басқа кәріздерге немесе жекелеген кәріздер желісіне жіберілген сарқынды су Передано сточных вод другим канализациям или отдельным канализационным сетям	
7	Түзілген шөгінділердің (тұнба) көлемі, тоннамен Объем образованного осадка (ила), в тоннах	
8	Кәдеге жаратқан шөгінділердің (тұнба) көлемі, тоннамен Объем утилизированного осадка (ила), в тоннах	

11. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
до 1 часа					более 40 часов

Атауы

Мекенжайы (респонденттің)

Наименование _____ Адрес (респондента) _____

Телефоны (респонденттің) _____

_____ Телефон (респондента) _____ стационарлық _____ ұялы

стационарний

мобильный

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (

респондента)

Орындаушы

Исполнитель

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

телефоны

телефон

Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности (при его наличии)

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

қолы

подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

қолы

подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

"Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындардың жұмысы туралы есеп"
(индексі 1-ВК, кезеңділігі жылдық)
статистикалық нысанына
қосымша

Приложение

к статистической форме

"Отчет о работе предприятий, осуществляющих эксплуатацию систем водоснабжения и (или)

Сумен жабдықтау жүйелерінің құбыр жолдарындағы аварияларды жоюдың есепті уақыты
Расчетное время ликвидации аварии на трубопроводах систем водоснабжения

Кұбыр диаметрі, миллиметр Диаметр труб, миллиметр	Кұбырларды қою тереңдігі кезіндегі құбыр жолдардағы аварияларды жоюдың есепті уақыты Расчетное время ликвидации аварий на трубопроводах, при глубине заложения труб	
	2 метрге дейін до 2 метров	2 метрден жоғары более 2 метров
400-ге дейін до 400	8 сағат 8 часов	12 сағат 12 часов
400-ден астам 1000-ға дейін свыше 400 до 1000	12 сағат 12 часов	18 сағат 18 часов
1000-нан астам свыше 1000	18 сағат 18 часов	24 сағат 24 часа

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2025 жылғы 20 қазандағы № 27
Бұйрығына 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2020 жылғы "21" ақпан № 24
бұйрығына 12-қосымша

"Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындардың жұмысы туралы есеп" (индексі 1-ВК, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындардың жұмысы туралы есеп" (индексі 1-ВК, кезеңділігі жылдық) (бұдан әрі – статистикалық нысан) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) су бұру жүйесі - сарқынды суларды жинауға, тасымалдауға, тазалауға және бұруға арналған инженерлік желілер мен құрылыстар кешені;

2) сумен жабдықтау жүйесі – суды жинауға, сақтауға, дайындауға, беруге және оны тұтыну орындарына бөлуге арналған инженерлік желілер мен құрылыстар кешені.

3. Елді мекендегі екі не одан көп су құбырлары бір кәсіпорынға біріктірілсе, онда елді мекен бойынша бір статистикалық нысан ұсынылады.

Су құбыры кәсіпорны сумен бірнеше елді мекенді қамтамасыз еткен кезде статистикалық нысан әрбір елді мекен бойынша толтырылады және орналасқан орны бойынша аумақтық статистика бөлімшесіне тапсырылады.

Су құбырларын немесе бөлек су құбыры желілерін бір кәсіпорыннан басқаға берген кезде статистикалық нысан басқаға бергенге дейінгі (кейінгі) нақты жұмыс істеген уақытына жеке толтырылады. Жеке су құбыры желісіне су жинайтын және тазартатын имараттары жоқ су құбыры шаруашылығы; тек басқа ұйым, кәсіпорынның су құбырынан келетін суды бөлетін көшедегі желі жатады.

Егер елді мекенде екі немесе одан да көп бөлек шаруашылық-нәжістік немесе жалпы ағызатын су бұру жүйелері бар шаруашылыққа біріксе, онда елді мекен бойынша бір статистикалық нысан жасалады.

Су бұру жүйелерінің шаруашылығы кәріздік желісі есеп беретін ұйымның балансында тұрған басқа елді мекендердің су бұру жүйесінің жеке желісінен су алады, ол әрбір елді мекеннің су бұру жүйесінің шаруашылығына жеке статистикалық нысандар жасайды және барлық статистикалық нысандар өзінің тұрған жеріндегі аумақтық статистика бөлімшесіне ұсынады.

Жалдаудағы және концессиядағы имараттар мен сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің желілері статистикалық нысанның қамту алаңына енгізіледі. Концессия қызметі концессионердің қаражаты есебінен немесе концеденттің қоса қаржыландыруы шарттарында жүзеге асырылатын концессия объектілерін құруға (реконструкциялауға) және пайдалануға бағытталған.

Егер есепті жылы елді мекенде жергілікті атқарушы органдардың балансындағы және шаруашылық жүргізуші субъектілерге сенімгерлік басқаруға берілмеген, пайдалануға беру актісінсіз жұмыс істейтіндер, иесіз сумен жабдықтау және су бұру құрылыстары мен желілері болса, онда статистикалық нысан бойынша есепті жергілікті атқарушы орган ұсынады, бар мәліметтер бойынша бланктің тиісті бөлімдері толтырылады.

4. Статистикалық нысан:

1) кәріз деп саналмайтын бұратын құбырлары жоқ сарқынды суларды ағызуда арналған имараттарға;

2) бір иеліктегі ғимаратқа қызмет көрсететін, сарқынды суларды одан тыс ағызбайтын қарапайым құрылыстағы аула кәріздеріне;

3) өнеркәсіп кәсіпорындарынан, құрылыс, көлік және тағы басқа ұйымдардан тек қана техникалық сарқынды суларды бұратын су бұру жүйелерінің шаруашылығы кәсіпорындарына (ұйымдарына);

4) тек қана атмосфералық сарқынды суларды бұратын кәріз кәсіпорындарына (нөсер кәріздері);

5) ұңғымалары бар және оны тек меншікті қажеттіліктері үшін пайдаланатын ұйымдарға;

б) қазылған шұңқырларды, тұндырғыштарды, септиктерді босату және тазалау (су тартып шығару); дәретханаларды химиялық өңдеу бойынша қызмет көрсететін шаруашылық жүргізуші субъектілерге толтырылмайды.

Нұсқаулықтың 14-тармағына сәйкес осындай жағдайда есеп нөлдік деректермен статистикалық нысан бойынша ұсынылады.

5. 2 – бөлімнің 1-жолында су құбыры құрылыстарының саны көрсетіледі, 2-жолда-құрылыстардың жалпы санынан жалға алынған немесе концессиядағы құрылыстардың саны бөлінеді.

3-жол бойынша есеп беретін респонденттің балансында тұрған жекелеген су құбыры желілерінің саны көрсетіледі. 3.1-жолда жалға берілетін немесе концессиядағы су құбыры желілері бөлінеді.

4-жолда жыл соңына су құбыры желісіне орнатылған көшедегі барлық жұмыс істеп тұрған су таратқыштар (будкалар, колонкалар, шүмектер) көрсетіледі.

5-жолда орталықтандырылған сумен жабдықтаудың барлық жүйесі бойынша авариялардың жалпы саны көрсетіледі, олардың уақыт бойынша ұзақтығы құбырдың қойылған тереңдігі екі метрге дейін болса сегіз сағаттан астам, құбырдың қойылған тереңдігі екі метрден асса он екі сағаттан астам уақытты құрайды. Аварияларға сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілетін қызметтерді тоқтатуға немесе көлемін айтарлықтай азайтуға, ауыз су сапасына және халықтың денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтіруге әкеп соққан сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің немесе жекелеген имараттардың, жабдықтардың, құрылғылардың бұзылуы немесе істен шығуы жатады. Аварияны жоюдың есептік уақыты статистикалық нысанға қосымшадағы сумен жабдықтау жүйелерінің құбырларындағы аварияларды жоюдың есепті уақытымен айқындалады.

5.1-жолда сумен жабдықтау жүйесі желілеріндегі авариялардың саны бөліп көрсетіледі.

6-жолда есепті кезең соңына көппәтерлі тұрғын үйлерде орнатылған үйге ортақ есепке алу құралдарының саны көрсетіледі.

6-жолда көрсетілген орнатылған бір үйге ортақ есепке алу құралдарының жалпы санынан 6.1-жол бойынша деректерді қашықтықтан беру құрылғыларымен жабдықталған, орнатылған есепке алу құралдарының (радиомодульдік есепшілер) саны туралы деректер көрсетіледі.

7-жолда есепті кезең соңына тұрғын пәтерлерде және ұйымдарда орнатылған жекелеген есепке алу құралдарының саны бар болған жағдайда көрсетіледі.

7-жолда көрсетілген орнатылған жеке құралдарының жалпы санынан 7.1-жол бойынша деректерді қашықтықтан беру құрылғыларымен (радиомодульдік

есепқұралдары) жабдықталған, орнатылған жеке есепке алу құралдарының саны туралы деректер көрсетіледі.

Жергілікті атқарушы органдар 1, 3, 4, 5-жолдар бойынша мәліметтерді толтырады.

6. 3-бөлімнің 1-жолында су бұру жүйесі құрылыстарының саны көрсетіледі, 1.1-жолда жалға алынған немесе концессиядағы су бұру жүйесі құрылыстарының саны бөлінеді.

2-жол бойынша – есеп тапсыратын кәсіпорынның балансында тұрған су бұру жүйесінің жекелеген желілерінің саны, 2.1-жолда жалға алынған немесе концессиядағы су бұру жүйелерінің желілері бөлінеді.

3-жолда орталықтандырылған барлық су бұру жүйесі бойынша авариялардың саны көрсетіледі. Сарқынды сулардың бетіне шығарылуына әкеп соққан авариялар ескеріледі.

3.1-жолда су бұру жүйесі желілеріндегі авариялардың саны бөліп көрсетіледі.

Жергілікті атқарушы органдар 1, 2 және 3-жолдар бойынша мәліметтерді толтырады.

7. 4-бөлімнің 1.1, 1.2 және 1.3-жолдары бойынша жыл соңына сутартқыштардың, көшедегі желілер, орам ішіндегі және аула ішіндегі желілердің және су құбыры желісі бойынша жеке ұзындығы көрсетіледі.

Көшедегі су құбыры желісіне көшелер, жол өту, аллеялар, жағалаулар бойымен салынған құбырлар желісі кіреді. Көшедегі су құбыры желісіне қосу үшін үй иелігіндегі аумақта салынған құбыр желісі аула ішіндегі желіге жатқызылады.

1.1.1, 1.2.1 және 1.3.1-жолдар бойынша сутартқыштар, көшедегі желілер, орам ішіндегі және аула ішіндегі желілердің ұзындығы және жеке су құбыр желісі бойынша ауыстыруды қажет ететіндері көрсетіледі.

Сутартқыштың ұзындығы бір тінге салынған құбырлардың ұзындығымен анықталады. Сутартқыштарға су жиналған жерден (сумен қамту көзінен) көшедегі су тарату желісінің бірінші бөлгішіне дейін жүргізілген су құбырлар жатады. Сутартқыш екі не одан көп құбырлардан тұрса, онда әрбір құбырдың ұзындығы бөлек есептеледі.

2-жолда ауыстырылған су құбырлары желілерінің ұзындығы көрсетіледі. Ауыстырылған желілердің жалпы санынан 2.1-жолда сутартқыштарды ауыстыру, 2.2-жолда көшедегі желілерді ауыстыру, сондай-ақ 2.3-жолда орам ішіндегі және аула ішіндегі желілерді ауыстыру бөліп көрсетіледі.

3-3.2.3-жолдар бойынша барлық қаржыландыру көздерінен жөнделген су құбырлары желілерінің ұзындығы көрсетіледі.

4-жолда барлық тозған су құбырлары желілерінің ұзындығы көрсетіледі.

8. 5-бөлімнің 1.1, 1.2 және 1.3-жолдарында жыл соңына бас коллекторлардың, көшедегі желілердің, орам ішіндегі және аула ішіндегі желілердің ұзындығы су бұру жүйесінің желісі бойынша жеке көрсетіледі.

1.1.1, 1.2.1 және 1.3.1-жолдарда бас коллекторлардың, көшедегі су желілердің, орам ішіндегі және аула ішіндегі желілердің және ауыстыруды қажет ететін кәріздік желі бойынша ұзындығы бөлек көрсетіледі.

2-жолда ауыстырылған су бұру жүйелері желілерінің ұзындығы көрсетіледі. Ауыстырылған желілердің жалпы санынан 2.1-жолда бас коллекторларды ауыстыру, 2.2-жолда көшедегі желіні ауыстыру, сондай-ақ 2.3-жолда орам ішіндегі және аула ішіндегі желілерді ауыстыру бөлініп көрсетіледі.

3-жолда барлық қаржыландыру көздері есебінен жөнделген су бұру жүйелері желілерінің ұзындығы көрсетіледі.

4-жолда барлық тозған су бұру жүйелері желілерінің ұзындығы көрсетіледі.

4. 1 және 5.1-ішкі бөлімдерде елді мекендер бойынша сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерінің желілерінің ұзындығы, сондай-ақ тозған желілердің ұзындығы бойынша деректер көрсетіледі.

9. 6-бөлімнің 1.1.1-жолында барлық өндірістік қуаттылық, кәсіпорында (ұйымда) бар жұмыс істеп тұрған немесе әр түрлі себептермен бос тұрған (жөндеу, жұмыс тәртібі) жыл соңында барлық орнатылған сорғылардың өнімділігін қосумен анықталатын I көтерімдегі барлық сорғы станцияларының өнімділігі көрсетіледі. Резервтегі сорғылардың (вакуум сорғыларының, эжекторлардың) өнімділігі бұл көрсеткішке қосылмайды.

I көтерімдегі сорғы станцияларына тікелей су алу көздеріне арналған (өзендер, теңіздер, көлдер, су қоймалары және скважиналар), кейін ол тазарту имараттарына немесе тікелей тұтынушыларға берілетін станциялар жатады. Осындай станциялар су тарту имараттарымен бірлескен немесе жеке ғимаратта орналасуы мүмкін.

1.1. 2 және 1.1.3-жолдар бойынша кәсіпорында (ұйымда) бар жұмыс істеп тұрғанына немесе әртүрлі себептермен бос тұрғандығына (жөндеуде, жұмыс тәртібінде) қарамастан осы типтегі барлық орнатылған сорғылардың өнімділігің қосумен анықталатын II және III көтерімдегі сорғы станцияларының өнімділігі көрсетіледі. Әрбір сорғының өнімділігі дайындаушы зауыттың техникалық паспортында көрсетілген деректері бойынша есептеледі. Резервтегі сорғылардың, өрт сорғыларының (арнайы құрылғы ретінде) және қосалқы сорғылардың (вакуум сорғыларының, эжекторлардың) өнімділігі бұл көрсеткішке қосылмайды.

II көтерімдегі сорғы станцияларына тазарту имараттарынан кейін су беруге арналған станциялар жатады (әдетте, таза су резервуарларынан), сондай-ақ бірінші көтерімдегі сорғы станцияларынан тазартусыз өнеркәсіп кәсіпорындарына беру үшін осы станциялар шаруашылық – ауыз сумен қамтасыз ету жүйесінде (ашық су көздерінен кейін тазартумен су алу) бірінші көтерімдегі сорғы станцияларымен біріккен болуы мүмкін. III және кейінгі көтерімдегі сорғы станциялары алдыңғы көтерімдегі станциялардан келетін суды беруге арналған.

1. 2-жолда су құбыры тазарту имаратының өнімділігі көрсетіледі, ол сүзгіден өткізетін жоғары бетінің ауданы және сүзгіден өткізу жылдамдығы туралы деректер негізінде барлық қолда бар сүзгілер мен түйіспелі жарық берушілердің өткізу қабілетін қосу жолымен анықталады.

2-жолда су беруді шектейтін негізгі су құбыры имараттарының өнімділігі есебінде тәулігіне желіге жіберілетін ең жоғары су көлемімен анықталатын: ұңғымалардың немесе ашық су бас тоғанының, бірінші көтерімдегі сорғы станцияларының, тазарту имараттарының, екінші көтерімдегі сорғы станцияларының, сутартқыштардың өнімділігі көрсетіледі.

3 - 3.3-жолдарда I, II және III көтерімдегі сорғы станцияларының саны көрсетіледі.

10. 7-бөлімнің 1-жолындағы деректер су өлшеуіштердің көрсеткіштері негізінде, ал су өлшеуіш болмаған жағдайда, сорғы жұмысының уақыты бойынша және олардың бір сағаттағы белгіленген өнімділігі немесе басқа да ең дәл, есептеу тәсілімен (сорғы станцияларының аумағында орналасқан резервуарлардың көлемі бойынша), сорғы станцияларының техникалық журналдарындағы күнделікті жазбалар бойынша анықталады. Өздігінен ағатын су құбырлары мен бөлек су құбыры желілері бойынша бұл көрсеткіш толтырылмайды. Аралас су құбыры бойынша (су алу тәсілі бойынша) шаруашылықтағы бар I көтерімдегі сорғымен тек нақты көтерілген судың көлемі ғана көрсетіледі.

2-жолда желіге берілген су көлемі су құбырының бөлу желісімен көшедегі жалғасатын жеріндегі су тартқышқа орнатылған су өлшеуіштің деректері бойынша техникалық журналдардағы күнделікті жазбаларға сәйкес анықталады. Су иірімінде су өлшеуіштер болмаған жағдайда, желіге берілген судың көлемі су құбырының типіне байланысты анықталады:

1) тазарту имараттарымен жабдықталған механикалық су құбырларында – өз қажетіне тұтынылған суды шегергендегі тазарту имараты арқылы өткізілген судың көлемі туралы деректер бойынша;

2) механикалық су құбырларында тазарту имараты болмаған жағдайда, әдетте I көтерімдегі сорғымен көтерілген судың көлемі желіге берілген судың көлеміне тең;

3) өздігінен ағатын су құбырларында - сумен жабдықтау көздерінен шығатын суға орнатылған су өлшеуіш бойынша немесе тұтынушылардың желісіне қондырылған (егер желіге берілген барлық су сол арқылы өтетін болса) бақылау су өлшеуіш бойынша немесе сутартқыш құбырлардың қиылысуы мен олардағы су ағысының жылдамдығы бойынша анықталады.

2. 3-жолда басқа жақтан алынған су көрсетіледі. Бұл жолды әртүрлі ведомстволарға қарайтын өнеркәсіптік және басқа да су құбырларынан суды (сатып алатын) алатын кәсіпорындар толтырады. Басқа жақтан алынған су есепті жыл ішінде өлшеу құралдарының көрсеткіштері негізінде жазылған, жабдықтаушы шоттарының деректері бойынша анықталады.

3-жолдың деректері осы имараттарда орнатылған су өлшеуіштер бойынша анықталады. Тазарту имараттарында су өлшеуіштер болмаған жағдайда жіберілген судың көлемі I көтерімдегі сорғымен нақты көтерілген судан (егер барлық су осы тазарту имаратынан өткен болса) өз қажетіне тұтынылған суды алып тастағандағы көлемі бойынша анықталады.

Әртүрлі су құбыры шаруашылықтарындағы су көздеріне байланысты тазарту имараттарының құрамы әртүрлі болып келеді: тазарту имараттарының толық кешені, тек тұндырғыштар немесе сүзгіштер болады. Құрамына қарамастан тазарту имараттарынан өткізілген су ғана таза су болып саналады. Су тек қана хлорландырудан өткен болса, онда ол су тазарту имаратынан өткен болып саналмайды. Су құбыры шаруашылығы (су өлшеуіштері болмаған жағдайда) көтерген суынан басқа шеттен алынған (сатып алынған) суды тазартатын болса, онда судың нақты көтерілген көлемін анықтау үшін I көтерімдегі сорғы станциясы мен нақты көтерілген судың көлемін және шеттен алынған судың көлеміне қосып және одан алынған көлемнен есепті жыл ішінде өз қажетіне пайдаланған су шығынын алып тастау қажет.

4-4. 4-жолдарда халыққа, кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне, өндірістік қажеттіліктерге және басқа сумен жабдықтау жейлеріне, бөлек сумен жабдықтау желілеріне жіберілген су көрсетіледі. Судың жіберілуі су өлшеуіштердің көрсеткіші негізінде жазылып, көрсетілген абоненттік шоттар бойынша анықталады, су өлшеуіш болмаған жағдайда, тұтынушылардың әртүрлі санаттары үшін жергілікті атқарушы билік органдары белгілеген су шығысының нормасы бойынша анықталады.

6-жолда желіге берілген су көлемі, барлық тұтынушыларға жіберілген және жеке өндірістік қажеттіліктерге жұмсалған су көлемі арасындағы айырма ретінде анықталатын судың ысырап болуы және есепке алынбаған су шығыстары көрсетіледі. Судың ысырап болуы тұтынушыларға суды тасымалдау кезінде, сумен жабдықтау жүйелері құбырларының жарамсыздығынан, жапқыш арматуралар мен гидранттарды жалғастыру кезінде, сондай-ақ желідегі авария салдарынан болады. Судың ескерілмеген шығыстарына өрт сөндіру, өрт сөндіруді оқып-үйрену мақсатында суды пайдалану жатады.

7.1-ішкі бөлімде елді мекендер бойынша суды жіберу және ысырабы туралы деректер көрсетіледі.

11. 8-бөлімдегі 1.1-1.19-жолдарда тұтынушылардың экономикалық қызмет түрлері бойынша суды босату туралы мәліметтер көрсетіледі. 1.5-жолда "Сумен жабдықтау; сұ бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет" халыққа, кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне және сумен жабдықтау мен қалдықтарды басқару саласында қызмет атқаратын кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктеріне берілетін су көрсетіледі.

12. 9-бөлімнің 1-жолында су бұру жүйесінің сорғы станцияларының саны көрсетіледі. 2-жолда су бұру жүйесінің сорғы станцияларының жобалық өнімділігі.

Сорғы станцияларының жобалық өнімділігі сорғы жабдығының нормативтік-техникалық құжаттамасына сәйкес анықталады.

3-жолда су бұру жүйесінің тазарту құрылыстарының саны, 3.1 және 3.2-жолдар бойынша механикалық тазарту имараттарының саны және биологиялық тазарту имараттарының саны көрсетіледі. Балансында шаруашылық субъектілеріне сенімгерлік басқаруға берілмеген, пайдалануға беру актісінсіз жұмыс істейтіндер, иесіз механикалық және биологиялық тазарту су бұру жүйесінің құрылыстары бар жергілікті атқарушы органдар 3, 3.1 және 3.2- жолдарды толтыруы тиіс.

4-жол бойынша су бұру жүйесінің тазарту имараттарының өнімділігі көрсетіледі. Ол тазарту имараттарының барлық кешенін толық жүктеу және ағынды сұйықтықты тазалауға қойылатын белгіленген талаптарды сақтау кезінде осы құрылыстар тәулік ішінде өткізетін ағынды сұйықтықтың мөлшеріне тең. 4.1-жолдар бойынша-механикалық тазарту имараттары, 4.2-биологиялық тазарту құрылыстары.

5-жолда биологиялық тазарту имараттары бойынша кәсіпорынның жобалық құжаттамасына сәйкес ОБК5 (оттегіні биохимиялық тұтыну) бойынша тазартудың есептік тиімділігі көрсетіледі.

6-жолда жабдықталған сарқынды суларды қабылдайтын ағызу станцияларының саны көрсетіледі.

13. 10-бөлімнің 1-жолында бір жыл ішінде су бұру жүйесімен өткізілген барлық сарқынды су көлемі көрсетіледі. Есепті жылы су бұру жүйесі имараты арқылы өткізілген сарқынды сулардың (өндірістік-техникалық, шаруашылық-нәжістік сарқынды сулар, сондай-ақ коммуналдық кәсіпорындардың суларын қоса) нақты мөлшері абоненттерге ұсынылған шоттар бойынша анықталады. Су бұру жүйелерін тазарту имараттарына елді мекеннің немесе кәсіпорынның су бұру жүйесіндегі сарқынды сулар құрамындағы ластауыштардан тазартуға арналған инженерлік имараттар кешені жатады.

Абоненттен бұрып ағатын сарқынды судың көлемі су құбырынан алынған су көлеміне тең қабылданады.

Егер абонентте сумен қамтамасыз етудің басқа көздері болса (меншікті бас тоған, басқа су құбыры), онда кәрізге жіберілетін сарқынды су көлемі абонент алатын су есебінің деректері бойынша (өлшеу құралдарының, сорғы өнімділігі, технологиялық қажеттіліктерге жұмсалған су шығысына және тағы басқа) немесе сарқынды судың нақты көлемін өлшеу бойынша анықталады.

Ауыз су жартылай фабрика болған жағдайда шығарылатын өнім құрамына кіреді және кәрізге жіберілмейді, кәрізге жіберілетін ағыстың көлемін анықтау барысында ол есептелмейді.

Тұрмыстық тұтыну үшін суды пайдаланатын, елді мекеннің су бұру жүйесіне тікелей қосылмаған, сұйық тұрмыстық қалдықтарды әкету және оларды елді мекеннің су бұру жүйесіне ағызу үшін арнайы автокөлік қызметтерін пайдаланатын

тұтынушылардың көрсетілген су бұру қызметтерінің көлемі ағызу пунктінде (станцияда) елді мекеннің су бұру жүйесіне қабылданған сарқынды сулардың нақты көлеміне теңдеп қабылданады.

10-бөлімінің 1.1-жолда жіберілген сарқынды судың жалпы көлемінен басқа кәріздерден немесе жекелеген кәріздік желілерден қабылданған сарқынды судың көлемі бөліп көрсетіледі.

2-жол бойынша ағызу пунктінде елді мекеннің су бұру жүйесіне қабылданған сарқынды сулардың көлемі көлік құралы сыйымдылығының көлемі бойынша айқындалады.

3-жолда су бұру жүйелері тазарту имараттары арқылы өткізілген ағынды сулардың мөлшері көрсетіледі, ол осы имараттардағы өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша анықталады және бір жыл ішінде абоненттерден тазарту станциясына келіп түскен ағынды сұйықтықтың жалпы көлемін құрайды.

Тазартылған сарқынды сулардың жалпы санынан биологиялық тазарту имараттары арқылы өткізілген сарқынды сулардың көлемі бөлінеді (3.1 – жол), одан 3.1.1-жол бойынша-тазартумен, мысалы төгінді сүзгілер, микроситалар, биотоғандар, жинақтағыш-буландырғыштар, жинақтағыштар және басқалар.

10-бөлімнің 4-жолы бойынша табиғи су объектілеріне (өзен, көл, теңіз) ағызылған тазартылған сарқынды сулардың көлемі, олардың ішінде 4.1 – жолы бойынша-нормативке сай тазартылған, 4.2-жолы бойынша-жеткіліксіз тазартылған туралы ақпарат көрсетіледі.

Тазалау тиімділігі механикалық және биологиялық тазартудың тазарту имараттары арқылы өткізілген барлық ағынды суға қатысты ағын сулардан алыстатылған ластану мөлшерімен анықталады.

5-жол бойынша биологиялық тазарту имараттары бойынша ОБК5 бойынша тазартудың нақты тиімділігі көрсетіледі.

6-жолда басқа кәріздердің тазарту имараттарына берілген сарқынды сулардың көлемі көрсетіледі

Жекелеген кәріздік желілер жіберілген сарқынды сулардың барлық көлемін, 6-жолдағы басқа кәріздердің тазарту имараттарына жіберілгенді қоса көрсетеді.

7-жол бойынша есепті кезең ішінде пайда болған тұнбаның (тұнбаның) көлемі көрсетіледі.

8-жол бойынша есепті жылы әкетілген және (немесе) қайта өңделген шөгінділердің (тұнба) көлемі қойылады.

14. Есепті кезеңде қызмет болмаған кезде респондент "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) белгіленген тәртіпте ұсынады.

15. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастырылған "Респонденттің кабинеті" (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

16. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 4-бөлім: 1-жол = 1.1, 1.2, 1.3-жолдардың \sum ;

2-жол = 2.1, 2.2, 2.3-жолдардың \sum ;

3-жол = 3.1, 3.2-жолдардың \sum ;

3.1-жол \geq 3.1.1, 3.1.2, 3.1.3-жолдардың \sum ;

3.2-жол \geq 3.2.1, 3.2.2-жолдардың \sum ;

4-жол \leq 1-жолға.

2) 5-бөлім: 1-жол = 1.1, 1.2, 1.3-жолдардың \sum ;

2-жол = 2.1, 2.2, 2.3-жолдардың \sum ;

3-жол \geq 3.1, 3.2, 3.3-жолдардың \sum ;

4-жол \leq 1-жолға.

3) 7-бөлім: 2-жол = 2.1, 2.2, 2.3-жолдардың;

2-жол = 4,5,6 - жолдардың \sum ;

4-жол \geq 4.1, 4.2, 4.3, 4.4-жолдардың \sum ;

6-жол \leq 2-жолы – 4-жолы – 5-жолы бойынша жол берілетін бақылау.

4) 8-бөлім: 1-жол = 1.1-1.19-жолдардың \sum ;

1-жол = 7- бөлімнің 4-жолға;

5) 10-бөлім: 1.1-жол \leq 1-жолға;

3-жол \leq 1-жолға;

3-жол \geq 3.1-жолға;

3.1.1-жол \leq 3.1;

4-жол \geq 4.1 және 4.2 жолдарының \sum .